



ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

Тіл – мәдениеттің айнасы.
Тіл мен мәдениет арқылы жасалған
әлем бейнесі





Дәрістің мақсаты: оқырман тіл мен шынайы өмір және мәдениет арасы туралы, шетел туралы жалпы санадағы мәдени карталар жайында және әлемнің тілдік бейнесі, сондай-ақ баламасыз лексика туралы білім алатын болады.

Дәрістің басты терминдері: әлемнің шынайы бейнесі, әлемнің мәдени бейнесі, әлемнің тілдік бейнесі, баламасыз лексика.

- Әлемнің шынайы бейнесі – бұл адамзаттан тыс объективті мәліметтер, адамды қоршаған орта;
- Әлемнің мәдени бейнесі – ұжымның немесе жеке адамның қабылдауы негізінде қалыптасқан, санада тұрақтанған түсініктер арқылы, сүзгіден өткен шынайы бейненің көрінісі;
- Әлемнің тілдік бейнесі – тілдік ұжымның санасында қалыптасқан және тілінде бейнеленген таңбалар;
- Баламасыз лексика – әр тіл мен мәдениеттің өзге тілге аударылмайтын, өзіне ғана тән реалий не ұғым атаулары.

1. Тіл, ойлау және мәдениет

Профессор Тер-Минасованың айтуы бойынша, тіл мен шынайы өмірдің, тіл мен мәдениеттің өзара қатынасын жоққа шығару халықаралық байланыстарда да, педагогикалық тәжірибеде де сәтсіздікке ұшыратады. Біздің санамыз ұжымдық тұрғыдан да (өмір салты, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, яғни этнографиялық мағынадағы мәдениет), жеке қасиеттерімізге де (жеке адамға тән әлемді қабылдау ерекшелігі) байлаулы болғанымен, тілдің шындықты бейнелеу жолы тура емес, шындық өмірден ойлауға, ойлаудан тілге қарай бағытталады. Тіл – мәдениеттің айнасы деген метафорамыз енді келіңкіремей қалды, айнамыздағы бейнеміз қисық болып шықты, бейненің қисық болуының себебі тіл өкілдерінің мәдениетіне, діліне, дүниетанымына байланысты.

Тіл, ойлау, мәдениеттің өзара байланысының тығыз екені соншалық, тіпті бір-бірінен бөліп-жарылып қызмет ете алмайтын, үш құрылымнан тұратын біртұтас дүние сияқты. Үшеуі бірлесіп шынайы өмірмен арақатынасқа түседі: оған қарсы тұрады, оған тәуелді болады, оны бейнелейді және оны қалыптастырады. Сонымен, адамды қоршаған орта үш формада көрініс табады: Әлемнің шынайы бейнесі; әлемнің мәдени (немесе түсініктер) бейнесі; әлемнің тілдік бейнесі. Әлемнің шынайы бейнесі – бұл адамзаттан тыс объективті мәліметтер, бұл адамды қоршаған орта; әлемнің мәдени (түсініктер) бейнесі – ұжымдық тұрғыдан да, жеке адам тұрғысынан да қабылдаудың негізінде қалыптасқан, сезім органдары арқылы алынған және оның санасы арқылы жеткен түсініктер сүзгісінен өткен шынайы бейненің көрінісі. Әлемнің мәдени бейнесі ерекше және әр халықта өзгеше болады. Бұл көптеген факторларға тікелей байланысты: география, ауа райы, табиғи жағдайлар, тарих, әлеуметтік құрылыс, сенім, дәстүр, өмір сүру салты т.с.с.

2. Шетел туралы жалпы санадағы мәдени карталар

Әлемнің тілдік бейнесі – мәдени (концептуалды) бейненің бір бөлігі әрі ең негізгісі. Алайда тілдік бейне мәдени бейнеден жұпыны. Шетел сөздерін жаттап алған адам әуелі өзіне толық түсініксіз жат, белгісіз бейнеден бір кесек мозаиканы алды деген сөз. Сонан соң оны өзінің ой-санасындағы туған тілі арқылы қалыптасқан әлемдік бейнемен салыстыруға тырысады. Тап осы жағдай шетел тілін үйренудегі алынбас қамалдай көрінетін, оқушылардың басым бөлігінің жеңе алмайтын ең басты қиындығы болса керек. Егер заттың немесе қоршаған ортаның құбылыстары айна-қатесіз көшірілетін, механикалық, фотографиялық акт секілді қарапайым болса, онда нәтижесінде нақты сана сезімдерімен байланыссыз, халықтардың тұрмыс санасына тәуелді алуан түрлі бейне емес, бәріне ортақ әлемнің фотокөшірмесі



жасалған болар еді. Сөйтіп, осы фантастикалық (адами емес, машина, робот дәрежесінде) жағдайда шетел тілдерін үйрену (бір тілден екінші тілге аудару) бір кодтан екінші кодқа өтудің қарапайым механикалық мнемоникалық процесіне айналған болар еді дейді кітап авторы.

Алайда нақты өмірде шынайылықтан сөзге жету (түсінік арқылы) күрделі, көп жоспарлы әрі иір-қиыр. Адам бөтен тілді үйрене отырып, өзіне жат, басқа, жаңа әлемді меңгереді. Шетелдік жаңа сөздер арқылы оқушы өзінің сана-сезіміне, өз әлеміне өзге әлемнен, бөтен мәдениеттен ұғым, түсініктерді әкеледі. Сөйтіп, шет тілін үйрену (әсіресе тіл үйренудің алғашқы, ұзаққа созылар кезеңінде, ары қарай, өкініштісі, үйреніп жатқан тіл жылжымай қалады) жеке тұлғаны екіге бөледі. Ойлауды қайта құру қажеттілігі, өзіне тән дағдылы, туғаннан қалыптасқан әлем бейнесін басқа әлемнің дағдыланбаған өмір салтымен ойлау – шет тілін үйренудегі ең басты қиындықтардың (психологиялық та) бірі.

Белгілі тіл маманы Нұрсәуле Рсалиеваның аудармаларда көптеген реалий сөздердің мағынасы ашылмайды, түсініксіз қалпында қалады, не болмаса бұрмаланады, түсіндірмелерде жүйе жоқ (кездескен сөз бірінші қолданысында емес, екінші, үшінші қолданысында түсіндірілуі мүмкін) дейді. Өзге тілдерде баламасы жоқ, қазақтың этнографиялық реалий сөздерінің бірі – көкпар, қазақ туралы жазылған шығармада кездеспеуі сирек құбылыс. «Оған біздің аудармашылар біркелкі түсіндірме бермеген, – дейді ғалым, – әр жерде берілген түсіндірмелерінің бәрін қосқанда да оның мағынасы ашылмайды. Сөзді бір кездескенде орысшасы «...во многих конных состязаниях» [135-б.] деп кетеді, мұны ағылшыншада «in many horse races» [148-б.], яғни «көптеген ат жарыстарында» деп береді. Тағы бір кездескенде «кокпар, конная борьба» [137-б.] дейді, ағылшын тілінде «The kokpar, the wrestling on horseback» [148-б.], яғни «көкпар – ат үстіндегі күрес» деп түсіндіріледі. Көріп отырғанымыздай, қазақтың көкпарының орысшадан аударылған салдарынан ағылшынша түсіндірмелері бірде «ат жарыс», бірде «ат үстіндегі күрес», бірде «ат үстіндегі ойындар» болып әркелкі түсіндіріліп келсе, ең қатенің дәрекісі сол, кейбір жерлерде «көкпар деген бұл қазақта көнеден келе жатқан ешкі союдың мейрамы (не жарысы)» болып беріліп жүргендігі. Бұл «Сөз мағынасын анықтаңыз, сонда сіз жарты әлемді адасудан құтқарасыз» деген француз ойшылы Рене Декардтың сөзін еске салады.

Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. Өзіңізге өте таныс, жиі барып жүретін шет елінің мәдени картасын жасаңыз, танысыңызға да осы тапсырманы беріңіз, жауаптарды салыстырыңыз, айырмашылық неден болғанын зерттеңіз.
2. Ұлты орыс жолдас, танысыңызбен бірге отырып, бір-біріңіздің ұлттарыңыз туралы мәдени карта жасап көріңіздер.
3. Шет тілін үйренуде алғашқы саты не себептен ұзаққа созылатынын, ары қарай неге жылжымай қалатынын зерттеп көріңіз.

Бақылау сұрақтары

1. Профессор Тер-Минасова көрсеткен әлемнің мәдени картасынан осыған дейін қай елдің картасын білмейтін едіңіз? Сіздің картаңызға сәйкес келді ме?
2. Баламасыз лексика дегеніміз не?
3. Әлемнің тілдік бейнесі мәдени бейнеге қарағанда неге жұпыны болады?

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Тер-Минасова С.Г., Язык и межкультурная коммуникация. Москва, «Издательство Московского Университета», 2004 г.



Кітап: Тіл және мәдениетаралық коммуникация

Дәріс: 9. Тіл – мәдениеттің айнасы. Тіл мен мәдениет арқылы жасалған әлем бейнесі

2. Алимжанова Г., Казахская лингвокультурология. А., 2008.
3. Рсалиева Н., Қызыл империяға құлдық ұрған аударма // «Сын: уақыт және қаламгер» 2007 ж. №1. – 71–109 бб.
4. <http://velikayakultura.ru/teoriya-kultury/kulturnaya-kartina-mira-ponyatie-formirovanie-i-osnovnyie-vidyi>.
5. <http://www.grandars.ru/college/sociologiya/kulturnaya-kartina-mira.html>.
6. Корнилов О.А., Языковые картины мира. М., 2012 – 348 с.